8D04250 – «Жария құқық» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дүйсенбаева Гүлзипа Жұмабайқының «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. Қоғамның жеке адамды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғауға кепілдік беруге қабілетті құқықтық тәртіптің қамтамасыз етілуін объективті қажет етуі және мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді саясаты құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз етудің маңыздылығын айқындайды.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Парақорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығына сәйкес орындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасының ғылымына елеулі үлес қосады. Диссертацияда қылмыстық заңнамадағы парақорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас

				жемқорлықтың алдын алу мәселелеріне байланысты нормалардың кемшіліктері мен криминология ғылымындағы түсініктердің сәйкессіздік проблемалар анықталды, жүйеленді. Бұл зерттеудің маңызды тәжірибелік құндылығы туралы айтуға мүмкіндік береді. Жұмыстың маңыздылығы тереңдетіліп ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған		Диссертанттың ғылыми жұмысты жазу стилистикасы басқа авторларға қарағанда өзгеше, дербес болып келеді. Жазу деңгейі жоғары, мазмұндағы сұрақтар толымыен ашылған. Автор тақырыпты терең түсінетіндігін көрсеткен. Бұл эмпирикалық материалдың үлкен көлемі, соның ішінде заңнамалық актілерді, сот тәжірибесін және қылмыстық құқық пен криминологиялы ғылымындағы ғылыми жұмыстарды өз бетінше жинау мен талдауда көрініс тапты. Ғылыми жұмыс Қазақстанда алғаш рет жазылып отыр.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.		Диссертациялық жұмыстың өзектілігі заманауи талаптарға сәйкес негізделген және жұмыстың өзектілігі болашақта қылмыстық құқық саласына және криминология ғылымына септігін тигізетін ғылыми жұмыстың бірі болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) **айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды		Ғылыми жұмыстың мазмұны диссертацияның тақырыбын айқындайды, мысалы бірінші тарау Парақорлыққа қарсы күрестің түсінігі және құқықтық сипатамасы, екінші тарауда Парақорлықтың қылмыстық-құқықтық аспектісі, үшінші тарауда Парақорлықтың криминологиялық аспектісі қарастырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді		Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасындағы парақорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін зерттеу және оның негізінде сыбайлас жемқорлық қылмыстардың осы түріне қарсы күрестің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық нысандары мен әдістерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Қылмыстық құқық институтын жетілдіру бойынша құқықтық актілерге енгізілуі қажет өзгерістер мен толықтыруларды негіздеуден және ұсынудан тұрады.

				Осы мақсатқа қол жеткізу үшін автор мына **міндеттерді** алдына қойды: - Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық пен сыбайлас жемқорлық қылмыстылыққа жалпы криминологиялық сипаттама беру, олардың себептері мен қазіргі тенденцияларын бөліп көрсету; -парақорлықтың мазмұнын сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір түрі ретінде ашу, оның жалпы сыбайлас жемқорлық қылмыстағы үлесін белгілеу; - Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында сыбайлас жемқорлықты, сыбайлас жемқорлық қылмысты, сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды түсіндіруде бар проблемаларды қарау; - парақорлыққа қарсы күреске бағытталған құқықтық нормаларды жетілдіруге, дамытуға арналған ұсыныстарды, тұжырымдарды көрсету; - пара алудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасын қарастыру; - пара берудің қылмыстық-құқықтық сипаттамасын қарастыру; - парақорлыққа делдал болудың қылмыстық-құқықтық сипаттамасын қарастыру; - шет елдердегі сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың шетелдік тәжірибесін салыстыру; -жалпы-әлеуметтік және арнайы-криминологиялық деңгейде парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа, сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін ұсыну.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ		Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертант ұсынған жаңа шешім, парақорлыққа жаза тағайындаудың қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару мәселелері нақты дәйектелген және бұған дейін бұл бағытта жасаған тұжырымдармен салыстырыла сарапталған. Жұмыста айтылған ғылыми бағыттардың негізгі тұжырымдамалары жүйелі түрде баяндалып, олардың басты ерекшеліктері көрсетілген және олар ұсынылған моделдің негізін құрайды. Таңдалған тақырыпты бір ғана бағытта ғана емес, пәнаралық негізде қарастыра отырып, жүйелі түрде қарастыру орын алған. Мәселен, ғылыми тұжырымдар мен қажетті ұсыныстар айту барысында сауалнамалар жүргізіліп, статистикалық есептер талданып, сот үкімдері қарастырылып, отандық және шетелдік ғалымдардың парақорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлықпен күресу, алдын алуға мәселелеріне қатысты пікірлеріне терең талдаулар жасалынған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Диссертация қылмыстық құқықтың дамуына айтарлықтай ғылыми үлес қосады, оны парақорлыққа қарсы іс қимыл: қылмыстық-құқықтық аспектілерін саралаудың және алдын-алудың жаңа идеялары мен тәсілдерімен байытады. Қорғауға ұсынылған жаңашыл ережелер мен принциптер дәлелді дәлелдемелермен расталады және болашақ зерттеулер мен заңнамалық бастамалар үшін маңызды бағыт болып табылады. Диссертацияда автор құқық ғылымы үшін жаңалығы мен маңыздылығы бар ғылыми нәтижелер мен ережелерді ұсынады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертант ұсынған диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.

		негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ** 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертантпен қорғауға шығарылған тұжырымдар жұмыста толықтай дәлелденген. **Нәтиже 1.** Сыбайлас жемқорлықтың негізі ретінде парақорлықтың қоғамдық қауіптілігінің артуын ескере отырып, оны жасағаны үшін тағайындалған қылмыстық жазалардың тиімділігін арттыру керектігі ұсынылады. Ол үшін қылмыстық заңнамада белгіленген ҚК 366, 367, 368-баптарының мазмұнын қайта қарау ұсынылады. Осылайша, айыппұл немесе бас бостандығынан айыру туралы сөз болып отырған осы баптардың санкцияларынан «немесе» сөзін алып тастау керек, өйткені «немесе» сөзі құқық қолдану тәжірибесінің сыбайлас жемқорлыққа ықпал етеді. Сонымен қатар, санкцияларда қатаңдықты күшейтетін жаза түрлері тізбеленуі керек. Мысалы, айыппұл және үтір арқылы бас бостандығынан айыру және т.б. ол үшін ҚР ҚК 11-бабына қылмыстар санатына өзгерістер енгізу керек, оны қылмыстарды санаттау кезінде бас бостандығынан айыру мерзіміне нақты соманы көрсете отырып және жазаның балама түрі ретінде тағы да айыппұл салу көзделуі керек. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда

				дәлелденген. **Нәтиже 2** Қазіргі қылмыстық саясаттың даму тенденциялары қалпына келтіруші сот төрелігін дамыту шеңберінде қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқарудың басқа да шараларын кеңейтуді талап етеді. Мысалы, экономикалық немесе сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің қылмыстық элементтеріне немесе сыбайлас жемқорлық қызметкерлеріне "жеуге" жалпы түзеу мекемелеріне жібермес еді және сол арқылы қылмыстық бейбітшілікті қолдап, оларды жазасын өтеу үшін осы санаттағы адамдар үшін құрылған мамандандырылған түзеу мекемесіне жіберу қажет. Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор В.И. Селиверстовтың ғылыми жетекшілігімен ресейлік ғалымдардың теориялық моделін экономикалық және лауазымдық қылмыстары үшін сотталғандардың бас бостандығынан айыруды ұйымдастыру туралы ұсынысы теориялық және практикалық тұрғыдан пайдалы, оның мәні экономикалық және лауазымдық қылмыстары үшін сотталған адамдар үшін мамандандырылған түзеу мекемелерін құру болып табылады Сондықтан ҚР ІІМ ҚАЖ комитетіне қандай да бір қосымша шығындарсыз түзеу мекемелерінің бірін экономикалық және лауазымдық қылмыстары үшін сотталған адамдардың жазаларын өтеу үшін мамандандырылған мекемеге қайта бейіндеуді ұсынған орынды деп санаймыз. Сонымен қатар, бұрынғы құқық қорғау органдарының қызметкерлері қатарынан сотталғандар үшін мамандандырылған түзеу мекемелерін құру тәжірибесі бар; 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда

				дәлелденген. **Нәтиже 3.** Қылмыстық жазалардың тиімділігін арттыру үшін ҚР ҚК 40-бабында жазалардың жаңа түрлері көзделсін. Мысалы, бұрын қолданылған қылмыстық заңнамада сәтті қолданылған «айдауға жіберу» сияқты жаза түрін қарастыру. Бұл парақорлық немесе басқа сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін сотталған адамды түзеу мекемесіне жібермеуге мүмкіндік береді, өйткені бұл қылмыс үшін сотталғандардың санаттары әдетте жоғары білімді және айналасындағыларға қоғамдық қауіп төндірмейтін адамдар (бұрынғы премьер, министр, агенттік төрағасы, облыс әкімі, құқық қорғау немесе арнайы органның басшысы, Жоғарғы сот мүшесі және т. б.) жазаның барлық белгіленген мерзіміне түзеу колониясына емес, мемлекет белгілеген жер аударылған ауылға жіберілсін, тұрғын үйді абаттандыруға қолайлы жағдай жасауға және жалпы осы ауылдық жердің инфрақұрылымын нығайтуға қатысуға заңды негізде мүмкіндік беру үшін қатаң пробациялық бақылаумен. Бұл тәсілмен сотталушының өзі риза болады, таңдалған ауылға үлкен пайда әкеледі, ең бастысы қылмыстық заңнаманың адамгершілігі қамтамасыз етіледі және қылмыстық жазаның мақсаттары толық көлемде жүзеге асырылады. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. **Нәтиже 4.** ҚР ҚК 3-бабының 29) тармақшасында аталған сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы іс-қимылдың кешенділігі мен мақсаттылығын беру үшін аталған құрамдарды “Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар” деген атаумен 15-

				тараудың біріне қосу мүмкіндігін пысықтау қажет, өйткені аталған бапта аталған сыбайлас жемқорлық қылмыстар бір мезгілде сыбайлас жемқорлық қылмыстарды біріктіреді. ҚР ҚК Ерекше бөлігінің төрт тарауы:, ҚР ҚК 189 және 190-баптары ҚР ҚК Ерекше бөлігінің 6-тарауына жатады меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар; ҚК-нің 218, 234,249-баптары ҚР ҚК-нің ерекше бөлігінің 8-тарауына жатады Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар; 361, 362, 363, 365, 366, 367, 368, 369, 370 баптар ҚР ҚК Ерекше бөлігінің 15 тарауына жатады Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар және ҚР ҚК 450,451,452-баптары ҚР ҚК ерекше бөлігінің 18-тарауына әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия;** 2) жоқ		Зерттеу әдістемесін таңдау негізделген және ғылыми диссертацияда нақты сипатталған. Бұл оқырманға автордың зерттеуге ғылыми көзқарасын толық түсінуге мүмкіндік береді. Диссертацияда қолданылған зерттеу әдістері заманауи және ғылымда жалпы қабылданған әдістер. Автор әдіснамалық құралдардың кең спектрін, соның ішінде салыстырмалы-құқықтық талдауды, кейс-стадиді, сондай-ақ сот практикасы мен заңнаманы талдауды тиімді пайдаланды. Бұл зерттеу мәселелерін жан-жақты қамтуға ғана емес, сонымен қатар тұжырымдардың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Әдістеменің толық сипаттамасы құқықтану саласындағы

			ғылыми диалогты байытады және осы саладағы одан әрі зерттеулерге негіз берді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған, ол нәтижелер заманауи технологияны пайдалану арқылы терілген және ғылыми жұмыста анық көрініс табады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) **жоқ**	Ғылыми жұмыстағы теориялық қорытындылар отандық және шетелдік ғалымдардың, мемлкеттік органдардың есептеріне, сот үкімдеріне қамтыла отырып жазылған. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулерді талап етпейді. Сондықтан эксперименттік зерттеулер жүргізілмеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Ғылыми жұмысты жазу барысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған.** Ғылыми жұмыста отандық және шетелдік ғалымдардың соңғы жылдардағы ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасалынған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті/**жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) **ия;** 2) жоқ	Диссертант ұсынған диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Болашақта қылмыстық құқық заңнамаларына өзгерістер ұсынылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;**	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары

		2) жоқ		
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		Диссертация аясындағы ғылыми нәтижелер мен практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Бұрын ғылымда тұжырымдалмаған, ұсыныстар дисертанттың ұсынуымен алғашқы ғылыми жұмыс болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.		Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Автор тұжырымдарда ерекше дәлдікті, талдаудың тереңдігін және дәлелдің қатаңдығын көрсетеді, бұл ұсынылған материалды қабылдау мен түсінудің жеңілдігіне ықпал етеді. Жазу стилі ғылыми қатаңдық пен қол жетімділікті біріктіред, бұл мәтінді тек қылмыстық құқық мамандары үшін ғана емес, сонымен парақорлық қарсы іс-қимыл, қылмыстық құқықтық мәселелеріне қызығушылық танытатын кең аудитория үшін де түсінікті етеді. Диссертациядағы академиялық жазуда автор қатаң құрылым мен нақты ұйымдастырылған логикалық тәртіпті ұстанған. Зерттеу жұмысы қазақ тілінде, қойылған талаптарға сай жазылған кешенді ғылыми еңбек.
11	Диссертацияға ескертулер			Г.Ж. Дүйсенбаеваның диссертациясы жоғары мазмұнды жазылған, ғылыми деңгейде орындалған. Сонымен қатар жеке, елеусіз ескертулер айтуға болады. Дисертациялық жұмыста парақорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық әрекеттері жазасы бойынша статистикалық мәліметтер аз, шетелдердің сот үкімдерін көрсеткен жағдайда ғылыми жұмыстың маңызы жоғары боларе еді деп есептеймін, бірақта көрсетілген ескеру жұмыстың қорғалуына ешқандай да кері әсер етпейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация			Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 8 ғылыми мақала жарияланған, оның 1 ғылыми мақаласы Scopus базасына кірген, 6 ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі ғылыми басылымдарда, 1 ғылыми мақала

	мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)			Қазақстаннан тыс Ресей Федерациясының халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндалған және жарияланған. Жарияланған мақалалардың барлығы да жоғары деңгейде зерттелген ғылыми еңбек болып табылады
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)			Дүйсенбаева Гүлзипа Жұмабайқызына «8D04250-Жария құқық» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады

Ресми рецензент:

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Қылмыстық құқық және
қылмыстық процесс, криминалистика»
кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты

« 18 » 12 2024 жыл

Г.М. Атаханова

Қолын растайды
Подпись заверяю

ҚҰЖАТТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІ